

**«Мойынты жалпы білім беру мектебі» КММ
2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмыстарының есебі**

2022 – 2023 оқу жылында жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан әлеуметтік осал топқа жататын отбасынан шыққан 49 оқушыға қаржылай материалдық көмек көрсетілді. Бір балаға 37389тг көлемінде берілді. Ата-ана тарапынан осы соммаға балаларына мектепке қажетті оқу құралдар мен мектеп формасын алғанын растайтын чек тапсырылды.

«Мектепке жол» акция барысында 43 балаға жалпыға бірдей көмек көрсетілді.


2022 жылдың 1 қыркүйегінен 1-11 сынып аралығында көп балалы, аз қамтылған және күнкөріс деңгейі төмен отбасылардан шыққан оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Барлығы – 178 оқушы. Ыстық тамақпен ішетін оқушылардың тізімі жасалып ауыл әкімімен бекітілді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін мектеп медбикесі К.Сармудинова және әлеуметтік педагог А.Фазыл бақылап отырды.



17 қазан күні тәрбие завучі М.К.Джүнісова «Баланың құқықтары туралы Конвенция» тақырыбында 8-10 сынып аралығында ашық сабақ өтілді.



1-желтоқсан «Біз салауатты өмірді қолдаймыз» - СПИД-ке, наркоманияға қарсымыз атты апталық ұйымдастырылды. Мектебіміздің сынып жетекшілері, педагог – психолог М.С.Садуакасова, тәрбие завучі М.К.Джүнісова, әлеуметтік педагог А.М.Фазыл ұйымдастыруымен 5-10 сыныптар арасында бейнероликтер көрсетіліп, спид жайлы түсінік берілді.



Оқушылардың сабаққа қатысуы күн сайын тексеріліп, сабаққа келмей қалған оқушының сабақты босату себептері анықтап журналға белгіленді, тоқсандық сараптама жасалады.

«Бала құқығы-адам құқығы» он күндік акция жүргізілді. Акәия барысында «Бақытты ана – бақытты бала – бақытты ел» тақырыбында ата-аналармен кездесу ұйымдастырылды. 9-11 сынып оқушылары арасында «Құқығым бар» тақырыбында эссе жаздырды. «Бала құқығы- адам құқығы» апталығы аясында Мойынты ЖББ мектебінде сынып сағаттары,

дебат өтті. «Қатыгездік пен зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында «Буллинг», «Кибербуллинг» терминдерінің мағынасын түсіндіру. Мақсаты: жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың, буллинктің, кибербуллинктің алдын алу.

«Түнгі ауылдағы балалар» рейдінің мақсаты – кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің қауіпсіздігін, балалар құқығының қорғалуын қамтамасыз ету, түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде заңды өкілінсіз жүрмеуін көшедегі ауыл тұрғындарының (ата-аналардың) есіне салу.



Әлеуметтік педагог А.М.Фазыл және тәлімгер мектеп Парламентімен бірлесіп «» атты тақырыбында қыздар арасында дөңгелек үстел өткізілді.

«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» бағытында ата-аналар мен оқушыларға сауалнама жүргізілді. Кешкі уақытта оқушылардың беймезгіл жүруі қадағаланып, рейдтар ұйымдастырылды және ұйымдастырылып жатыр. Аз қамтылған отбасыдағы, көп балалы отбасыдағы және қамқоршылыққа алынған балалардың тұрмыс деңгейі қаралды. 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті.

5-11 сыныптар арасында кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықты болдырмау мақсатында Шет ауданы АБ ЖПҚБ КГІЖ УПИ полиция аға лейтенанты А.А.Бекишева баяндамасы тындалды. Шет ауданының ПБ жергілікті полиция қызметі тобының учаскелік полиция инспекторы полиция майоры Шабденов Мирас Аманжолович оқушыларға темір жолдан өту жолын және түнде жүрмеу керектігін, көлік құралдарын айдамау жөнінде айтып өтті.

Мектепшілік бақылауда тұрған оқушылар жоқ.



Жазғы сауықтыру лагеріне көп балалы, азқамтылған, үздік оқушылар тізімі жасалды.

Әлекметтік педагог:

Фазыл А.А